

"Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2004 жылғы 15 қарашадағы N 448-НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 86-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 31 мамырдағы нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4692 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының м.а. 2013 жылғы 31 шілдедегі № 240-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының м.а. 31.07.2013 № 240-НҚ бұйрығымен (алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2004 жылғы 15 қарашадағы N 448-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3277 нөмірмен тіркелген, "Ресми газетте" 2005 жылғы 29 қаңтарда N 5 нөмірінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбында және бұдан әрі мәтін бойынша "табиғи монополия" деген сөздер "табиғи монополиялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармағының 2) тармақшасында:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жыл сайын 15 сәуірге міндетті жылдық аудиттен өткен қаржылық есептілікке сәйкес өткен жыл үшін реттелетін қызметтердің түрлері бойынша және тұтастай реттелмейтін қызметтер бойынша есептілікті ұсынсын.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындар мен іске қосылған

активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесінде:
оң жақтағы жоғарғы бұрыштағы және тақырыбындағы "табиғи монополия"
деген сөздер "табиғи монополиялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

мәтін бойынша "табиғи монополия" деген сөздер "табиғи монополиялар"
деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта "заңнамасымен" деген сөздің алдынан "Қазақстан
Республикасының" деген сөздермен толықтырылсын;

7 - т а р м а қ т а :

7) және 15) тармақшалардағы "көрсететін" деген сөздер өзгеріссіз
қалдырылсын;

27) тармақшасындағы "субъектілерінің" деген сөз өзгеріссіз қалдырылсын;

13-тармақтағы "заңнамасымен" деген сөздің алдынан "Қазақстан
Республикасының" деген сөздермен толықтырылсын;

22-тармақтың екінші, үшінші, төртінші және бесінші абзацтарындағы "ұйым",
"ұйымның" деген сөздер "қызмет көрсететін табиғи монополиялар
субъектілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

23 және 24-тармақтарында "ұйым", "ұйымның" деген сөздер "қызмет
көрсететін табиғи монополиялар субъектілері" деген сөздермен ауыстырылсын;

25-тармақтағы "көрсететін" деген сөз өзгеріссіз қалдырылсын;

2 7 - т а р м а қ т а :

"көрсететін" деген сөз өзгеріссіз қалдырылсын;

"заңнамаға" деген сөз "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен
толықтырылсын;

2 8 - т а р м а қ т а :

"көрсететін" деген сөз өзгеріссіз қалдырылсын;

"2 жартыжылдық" деген сөздер "міндетті жылдық аудиттен өткен қаржылық
есептілікке сәйкес жыл" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 9 - т а р м а қ т а :

бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар
субъектілерінің қағаз арқылы жеткізгіштегі есептілікке басшы мен бас бухгалтер
қол қояды және мөрмен расталады";

екінші сөйлемдегі "көрсететін" деген сөз өзгеріссіз қалдырылсын;

көрсетілген Ереженің 1-18 қосымшаларының оң жақтағы жоғары бұрыштағы
"Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің
табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды
жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи
монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2004 жылғы 15 қараша N 448-НҚ
бұйрығымен бекітілген Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи

монополия субъектілерінің" деген сөздер "Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Телекоммуникациялар және аэронавигация саласындағы реттеу мен бақылау департаменті (Е.Ш.Әлиев) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы және талдау департаменті (Е.О.Есіркепов) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін :

1) оны белгіленген тәртіппен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының және "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары Н.Ш.Алдабергеновке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

К Е Л І С І Л Г Е Н :

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Көлік және коммуникация министрі

2007 жылғы "12" сәуір